Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызының «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» атты 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақ халқы үшін дін, бұрыңғы кеңестік әдебиеттерде айтылатындай, бұл – рухани мәдениеттің бір саласы немесе дүниеден тыс тұрған әлдебір тылсым күш қана емес, қазақтың тұтас дәстүрлі дүниетанымын, санасын және тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін түгел қамтитын негізгі арқау болды. Ислам діні араб-парсы-түркі өркениеті өркен жайған тұстан бергі он екі ғасыр барысында қазақ даласының мәдени-әлеуметтік кеңістігіне түбегейлі орнығып, тұрғылықты халықтың салт-санасынан берік орын алды. Мұсылманшылықтың Мәураннаһр мен Түркістанда кеңінен таралауына, орталықазиялық атақты мүжтаһидтер мен имамдарды айтпағанда, өздерінің терең кәсіби діни білімі арқылы исламның негізгі қағидаларын халықтың жүрегіне жақын, санасына қонымды тілмен түсінікті етіп жеткізе білген әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұниден бастап, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Науан хазірет, Сәдуақас Ғылманиге дейінгі ұлттың ағартушы ұстаздары мен дін ғұламаларының үлесі зор. Солардың ерен еңбегінің нәтижесінде қазақ халқы исламның рухын сезініп, жанымен қабылдады.

Дін қағидаларын халқымыз әрбір мақал-мәтеліне, аңыз-әңгімесіне, жыр-дастанына, ертегісіне, шешендік сөзіне, даналық нақылына, тұрмыс-салт өлеңдеріне сіңіріп, күнделікті тұрмысында басшылыққа алар рухани және имани құндылықтарына айналдырды. Қазақ халқының діни-ислами түсініктері мен рухани-моральдық қағидалары авторлық ауыз әдебиетінде жан-жақты көрініс тапты. Оның нақты мысалын біз Асан Қайғы, Шалкиіз, Доспанбет, Ақтанберді, Үмбетей, Бұқар жырау, Шал ақын шығармаларынан көреміз. Кешегі кеңестік кезеңде де ақын-жазушыларымыз өз туындылары арқылы дәстүрлі рухани құндылықтарды жаңғырта отырып, бүгінгі күнге ұластырды. Ал тәуелсіз Қазақстанның соңғы отыз жыл ішіндегі діни, оның ішінде исламдық бірегейлігі мәселесі бүгінгі көкейтестілігімен көзге түсіп отыр.

Қазақстандағы ислам діні мен қазақы салт-дәстүрлердің өзара үйлесімі жөнінде аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бұл бағытта үлкен шаралар атқарды. Дегенмен, бұл мәселенің арнайы дінтанулық ғылыми қыры терең зерттеле қоймады.

Ізденуші Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызының докторлық диссертациясының тақырыбы «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» деп аталады. Диссертанттың ұсынып отырған жұмысы қазақстандық қоғамдағы жоғарыда сипатталған өзектілікке өзіндік жауап беруімен түсіндіріледі. Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі мен дискурсын дінтанулық тұрғыда қарастырған аталмыш диссертация отандық ғылымда осы мәселеге қатысты сұранысты

қанағаттандырады, сондай-ақ қазіргі діни ахуалға орай мемлекеттік бағдарламаларға да қатысы бар.

Тоқтарбекова Лаура «Қайнар» университетінде және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бакалавриат және магистратура сатыларында білім алды, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚР БҒМ ғылым комитеті Философия,саясаттану және дінтану институтында докторантурадан өтті. Осы институтта бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларына қатысты және өз диссертациялық зерттеуі бойынша халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысып, рейтингі жоғары ғылыми журналдарда мақалаларын жариялады. Яғни ізденушіге бұл тақырып таңсық емес, керісінше оның бірнеше жылғы ізденісінің желісін құрайды.

Диссертцияның құрылымы өзара қисынды байланысты үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлімінде жалпы діни дәстүр әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады, екінші бөлімде ислам дәстүрі феномені және оның мәдени-әлеуметтік парадигма қалыптастырудағы рөлі мен орны дінтанулық қырынан талданады, ал үшінші бөлімде Қазақстандағы ислам дәстүрі тарихи-теориялық тұрғыдан да, заманауи сараптамалық қырынан зерттеледі.

Диссертант талдау барысында ғылыми жаңалық мәртебесіне ие бірқатар нәтижелерге қол жеткізген. Атап айтқанда, дәстүрді діни мәдениеттің феномені ретінде анықтайды, христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрлерге салыстырмалы түрде діни зерттеулер жүргізіп, олардың ортақ және алшақ тұстарын айқындайды, ислам мәдениетіндегі дәстүрлерді білім беру мен тәрбиелеу дәстүрі ретінде пайымдайды, ислами дәстүрлерді ислам догматтары мен канондары негізінде тұжырымдайды, заманауи мұсылман қоғамдарындағы діни-мәдени дәстүрлердің қалыптасуын ислам діні арқылы зерделейді, Батыс Еуропадағы ислам және оның мәдени интеграциясы мәселелері дәстүр мен жаңашылдық аясында сараланады, Қазақстандағы ислам дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері мен әмбебаптылығы ашылады, ислам дәстүрі мен қазақ халқының салт-дәстүрлеріне салыстырмалы талдау жасалады, ислам дәстүрінің қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі түйінделеді.

Қорыта айтқанда, Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызының «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» атты 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы талаптарға сай, құнды, теориялық және қолданбалы деңгейі жоғары еңбек болып табылады және оны қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші, философия ғылымдарының докторы, профессор **Б.М. Сатершинов**

« » 2019 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Философия, саясаттану және дінтану институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Республиканское государственное казенное предприятие "Институт философии, политологии и религиоведения" Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

қолы расталынсын
подпись заверяю
кадр бөлімі
отдел кадров